



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

2. Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

3. «Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау» ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016878>

4. ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми деректері

«ЭЙР-АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АУДИТІ

Өтелген М.Т

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: utelgennovaa@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С

"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация. Бұл жұмыста “Эйр-Астана” акционерлік қоғамының негізгі құралдарының жағдайы зерттелген. Авторлар негізгі құралдардың қозғалысын талдап, соның нәтижесінде оларды жүйелі түрде басқарудың ұсынысын әзірледі.

Аннотация. В работе изучено состояние основных средств акционерного общества "Эйр-Астана". Авторы проанализировали движение основных средств, в результате чего разработали рекомендации по их оптимальному управлению.

Annotation. The work examines the state of fixed assets of the joint-stock company "Air-Astana". The authors analyzed the movement of fixed assets, as a result of which they developed recommendations for their optimal management.

Түйін сөздер: аудит, қаржылық есептілік, негізгі құралдар, амортизация.

Ключевые слова: аудит, финансовая отчетность, основные средства, амортизация.

Key words: audit, financial statements, fixed assets, amortization .

«Эйр Астана» АҚ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінде берілген анықтамаға сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам болып құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің әсерінен 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Компания қызметінің негізі болып жолаушылар үшін тұрғылықты ішкі және халықаралық авиатасымалдарды ұсыну болып табылады. Өзге іс-шараларға жүк және пошта тасымалдары да

кіреді. Компанияның акционерлері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры АҚ және «BAE Systems Kazakhstan» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының 51% және 49% ие. [1]

Әуе кемелері негізгі құралдар құрамына кіреді. Әуе кемелері мен құрылыс сатысындағы басқа елеулі активтерді сатып алу есебіне жасалған алғы төлемдерге қатысты пайыздар капиталға айналдырылып, актив құнына қосылады. Активтің пайдалы қолданыс мерзімін ұзартатын немесе оның құнын өсіретін, сосын капиталға айналдырылатын бағдарламаларды яғни, әуе кемесі мен қозғалтқыштың техникалық қызметін есептемегенде, техникалық қызмет шығындары олар орын алған кезең ішіндегі шығындар болып есептеледі.

Әуе кемелерінің сатылу бағасы АҚШ доллары түрінде беріледі. Әуе кемелері 25 жылдық орташа пайдалы қолданыс мерзімі ішінде тікелей есептен шығару әдісімен немесе жалдау мерзімі 25 жылдан аз болса, жойылу құнынсыз жалдау мерзімі ішінде амортизацияланады. Операциялық цикл ішінде Компания амортизацияланатын құнды немесе пайдалы қызмет мерзімін қайта қарау қажеттілігін талдап, қажет болса, жойылу құнын бағалау қажеттілігін белгілейді. Барлық әуе кемелердің фюзеляжі мен қозғалтқыштарына жасалатын жөндеу жұмыстары капиталға айналдырылған құнды актив компоненттері ретінде есептеледі және сатып алу мен келесі күрделі жөндеу жұмысы аралығындағы кезең ішінде амортизацияланады. Күрделі жөндеу бойынша шығындар, соның ішінде қосалқы бөлшектер мен еңбек күшіне жұмсалатын шығын ұшу сағаттары мен циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілген мерзім ішінде капиталға айналдырылып, амортизацияланады. Басқа барлық қосалқы бөлшектер мен әуе кемесінің техникалық қызметіне жататын басқа шығындар қолданылған немесе орын алған сайын пайда немесе шығын ішінде танылады.

Айналатын қосалқы бөлшектер негізгі құралдар құрамына енгізілген. Мүлік, машиналар және жабдық объектісін пайдаланудан болашақта болатын экономикалық пайданы Компания алады деген ықтималдылық болып, оның құнын сенімді түрде белгілеу мүмкін болса, объект компонентін ауыстыруға байланысты шығындар осы компоненттің баланстық құны бойынша есептеледі. Техникалық қызмет пен жөндеуге жұмсалатын қазіргі барлық шығындар орын алған сайын табыстар немесе шығындар құрамына енгізіледі.

Өзге негізгі құралдар құнның құрамына активті сатып алуға тікелей жататын шығындар кіреді. Компанияның өз күшімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және негізгі құралды жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысы бар басқа барлық шығындарды және негізгі құралдарды қирату мен көшіру және олар орналасқан жерді қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындаудың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынған бағдарламалық құрал осы жабдықтың бір бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. [2]

1-Кесте. Эйр-Астана АҚ-ның негізгі құралдары құрамның өзгеруі зерттелген.

мың теңге	Айналымдық қосалқы бөлшектер	Офис жабдығы, жиһаз	Үйлер мен ғимараттар, жер	Көлік құралдары	Жалға алынған әуе кемелері	Жолдағы жабдықтар мен аяқталмаған өндіріс	Жиыны
Құны							
2019 жылдың 1 қаңтары	22 187 166	2 694 394	12 774 650	1 177 188	227 409 132	779 926	267 022 456
Түсім	10 572 703	651,441	339 882	93 774	94 712 253	3 128 981	109 499 034
Шығыс	(2 465 676)	(26 410)	-	(29 089)	(10 672 601)	-	(13 193 776)
1 кесте жалғасы							
2019 жылдың 31 желтоқсаны	30 641 633	3 307 873	13 060 857	1 183 733	310 386 467	3 904 331	362 484 894
Түсім	1 960 019	236 077	226 385	87 610	90 355 932	962 454	93 828 477
Шығыс	(4 423 623)	(95 099)	(390 884)	(153 600)	(25 528 268)	-	(30 591 474)
2020 жылдың 31 желтоқсаны	32 635 678	3 792 820	14 226 758	1 237 475	410 867 510	160 788	462 921 029
Түсім	5 858 221	214 017	1 914 203	27 137	51 295 679	183 108	59 492 365
Шығыс	(4 353 610)	(173 692)	(257 309)	(95 360)	(6 579 153)	-	(11 459 124)
2021 жылдың 31 желтоқсаны	34 334 145	3 932 403	16 429 558	1 200 836	467 820 756	79 451	523 797 149
Ескерту. Кесте Эйр-Астана қаржылық есеп негізінде жасалынды							

Компанияның географиялық ақпаратын анықтау тұрғысынан алғанда, негізінен әуе кемелері мен жер үсті жабдықтарынан құралған активтер Қазақстан Республикасында орналасқан. Сол себепті географиялық сегменттерге активтерді бөлудің негізі жоқ. Айналым бөліктер әуе кемесін өзгерту құнын құрайды. Компанияның жалдау бойынша міндеттемелері жалға берушінің 279 848 285 мың теңге баланстық құны бар жалға алынған активтерге құқығымен қамтамасыз етілген (2020 жылы: 266 484 435 мың теңге; 2019 жылы: 210 395 759 мың теңге). 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жалға алынған әуе кемелерінің жалпы сомасына баланстық құны 51 045 669 мың теңгені құрайтын FlyArystan бөлімшесіне тиесілі он Airbus ұшағы кіреді (2020 жылы: теңгерімдік құны 38 409 721 мың теңге болатын жеті Airbus ұшағы; 2019 жылы: теңгерімдік құны 24 988 866 мың теңге болатын төрт Airbus ұшағы). 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы


жағдай бойынша Астана қаласындағы Техникалық орталық ЕҚДБ кепіліне алынды. Орталық кепілден босату және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиесі бойынша талапты орындау мақсатында 2020 жылы Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиесі көздерін пайдаланып, ЕҚДБ қарызын өтеді. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған келісімге сәйкес, 2021 жылғы 5 мамырда Компанияда Астана қаласындағы баланстық құны 8 291 689 мың теңге болатын Техникалық орталықты кепілге берді. Толығымен амортизацияланған құралдардың сомасы 2021 жылы 1 668 475 мың теңгені құрайды (2020 жылы: 2 101 604 мың теңге; 2019 жылы: 1 318 788 мың теңге) [3].

2-Кесте. Эйр-Астана АҚ-ның тозуының коэффициенттері көрсетілген.

Есепті тозу	Айналымдық қосалқы бөлшектер	Офис жабдығы мен жиһаз	Үйлер мен ғимараттар, жер	Көлік құралдары	Жалға алынған әуе кемелері	Жолдағы жабдықта р мен аяқталмаған өндіріс	Жиыны
2019 жылдың 1 қаңтары	10 910 511	1 908 321	708 849	563 621	89 758 341	-	103 849 643
Жыл үшін есептеу	3 185 628	286 297	1 172 363	89 564	26 061 064	-	30 794 916
Шығыс	(1 352 639)	(22 965)	-	(26 793)	(6 444 361)	-	(7 846 758)
2019 жылдың 31 желтоқсаны	12 697 014	2 163 546	1 877 752	624 004	108 990 708	-	126 353 024
Жыл үшін есептеу	4 027 621	363 667	1 281 033	95 135	35 605 346	-	41 372 802
Шығыс	(2 895 662)	(80 206)	(214 055)	(145 717)	(17 766 419)	-	(21 102 059)
2020 жылдың 31 желтоқсаны	15 284 084	2 671 095	3 157 246	636 837	144 383 075	-	166 132 337
Жыл үшін есептеу	3 790 293	353 888	1 348 045	83 032	45 629 271	-	51 204 529
Шығыс	(3 593 832)	(135 243)	(95 941)	(86 782)	(6 259 847)	-	(10 171 645)
2021 жылдың 31 желтоқсаны	15 856 560	2 962 580	4 509 719	649 859	187 972 471	-	211 951 189
Баланстық құны							
2019 жылдың 31 желтоқсаны	17 944 619	1 144 327	11 183 105	559 729	201 395 759	3 904 331	236 131 870
2020 жылдың 31 желтоқсаны	17 351 594	1 121 725	11 069 512	600 638	266 484 435	160 788	296 788 692

2021 жылдың 31 желтоқсаны	18 477 585	969 823	11 919 839	550 977	279 848 285	79 451	311 845 960
Ескерту. Кесте Эйр-Астана қаржылық есеп негізінде жасалынды							

Негізгі құралдар объектілерінің тозуы төменде берілген объектілердің пайдалы қызмет ету мерзімі бойы біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және табыстар немесе шығыстар құрамында көрсетіледі. 1 суреттегі және салыстырмалы кезеңдер бойынша негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері берілген:



Сурет 1. Кезеңдер бойынша негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері

Амортизация негізгі құралдардың (жер телімдерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін және әуе кемесі активінің бөлек компоненттерін қоспағанда) құнын жойылу құнын шегеріп, пайдалы қолданыстың күтілген мерзімде біркелкі есептен шығаруға есептеледі. Әуе кемесі активінің бөлек компоненттері ұшу сағаттарына және циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілетін пайдалы қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады. Пайдалы қолданыстың күтілген мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалардағы барлық өзгерістер есепте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі. Негізгі құралдардың объектісі актив шығарылған жағдайда немесе оны әрі қарай пайдаланудан экономикалық пайда түспейді деп күтілген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдардың объектілерін сатудан немесе өзгеше шығарлуынан түскен табыс немесе келген шығын осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді және табыстар немесе шығындар ішінде танылады [4].

Қортындылай келе, “Эйр-Астана” акционерлік қоғамының негізгі құралдардың түсімі мен шығуына және оның жетіспеушілігіне аудит жүргізілді.

Жүргізілген аудит нәтижесі бойынша негізгі құралдардың амортизация есептеу, оларды басқару мен бақылау бойынша ұсынымдар берілді:

Біріншіден, акционерлік қоғамның үлкеюіне байланысты, пайдасының жоғарлауына және оған сұраныстың артуына сәйкес жаңа, заманауи талаптарға сай әуе кемелерін алу керек деп ойлаймын. Себебі, ұйымның оған барлық қаржылық жағдайы жеткілікті.

Екіншіден, Қазақстанның жетекші әуе компаниясы ретінде халыққа қол жетімді баға белгіленуі керек деп ойлаймын. Ол үшін Компания отын алуға алып-сатарларсыз Қазақстандағы мұнай өндіретін зауыттардан тікелей сатып алу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Әйр Астана» акционерлік қоғамының ресми сайты <https://airastana.com>
2. «Әйр Астана» акционерлік қоғамы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік <https://airastana.com/Portals/2/About%20Us/Annual%20Reports/30.08.2020/FS%202019%20rus%20.pdf>
3. «Әйр Астана» акционерлік қоғамы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/Financial-Statements-KZ/AirAstana_2020_FS_KZT_KAZ%20final.pdf?ver=2021-05-04-095832-827
4. «Әйр Астана» акционерлік қоғамы 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Financial-Statements/2021/Financial%20Statement%202021/%D2%9A%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA_2021_%D0%B6.pdf?ver=2022-06-16-042313-427

ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДЕГІ ОРНЫ

Сапарбек Ұ.Д.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының “-курс студенті
Л.Н.Гумилев атынданы Еуразия Ұлттық Университеті
Астана қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: uka.saparbek@gmail.com

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушы, э.ғ.м.